

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

КЕЛІСІЛДІ

«Ө.О. Османов Қазақ ғылыми зерттеу
топырақтану және агрохимия институты»
ЖШС Басқарма Төрайымы
Р. Рамазанова
2024 ж.



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы-Ректор
А. Куришбаев
2024 ж.



КЕЛІСІЛДІ

"KazPromLider" ЖШС директоры
Е. Терликбаев
«01» _____ 2024 г.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B08102 – Топырақтану және агрохимия»

Берілетін дәреже: «6B08102 – Топырақтану және агрохимия»
білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры

"Топырақтану, агрохимия және экология» кафедрасының отырысы талқыланды
№ 6 хаттама « 16 » 01 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі Ж.Бакенова Ж.Бакенова

«Агробиология» факультетінің Академиялық комитеті отырысы қарастырылды
№ 6 хаттама « 30 » 01 2024 ж.

Факультеттің АК төрайымы Г.Баядилова Г.Баядилова

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қарастырылып, Ғылыми Кеңесі ұсынылды
№ 4 хаттама « 01 » 02 2024 ж.

Университеттің ОӘК төрайымы А. Абдыров А. Абдыров

Білім беру бағдарламасы ҚазҰАЗУ Ғылыми Кеңесінде бекітілді
№ 9 хаттама « 01 » 03 2024 ж.

Құрастырушылар:

Факультет деканы
Кафедра меңгерушісі
Профессор



Е.Абильдаев
Ж.Бакенова
А. Балгабаев

Аға оқытушысы



К.Караева

ПА-21-05К тобының студенті

М. Сейлбек

2023 жылғы түлек

П.Аблайсова

Жұмыс берушілер:

«Ө.О. Оспанов Қазақ ғылыми зерттеу топырақтану және агрохимия институты» ЖШС Басқарма Төрайымы "KazPromlider" ЖШС директоры



Р. Рамазанова

Е.Терликбаев

Келісілді:

Білім беру бағдарламаларын жобалау офисінің бастығы



Ж. Кусайнова

Қолдану саласы

«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КЕАҚ «6B08102 – Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлауды жүзеге асыруға арналған.

Нормативтік құжаттар

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 заңы;

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазан № 563 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және алып тастау алгоритмі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздері.

1. «Көкөніс және картоп өсіру» кәсіптік стандарты 26.10.2022ж. №190.
2. «Бұршақ және майлы дақылдар өсіру» кәсіптік стандарты 26.10.2022ж. №190.
3. «Бұзылған жерлерді мелиорациялау» кәсіптік стандарты 26.10.2022ж. №190.

1. Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды және жіктемесі	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар
Даярлау бағыттарының коды және жіктемесі	6B081 Агрономия
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	6B08102- Топырақтану және агрохимия
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы ББ
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Топырақ құнарлылығын жоғарылатудың тиімді тәсілдері мен ауылшаруашылық дақылдарының минералдық қоректенуінің қолайлы жағдайларын жасау бойынша кәсіби дағдысы қалыптасқан топырақтанушы және агрохимик мамандарды дайындау
БХСЖ деңгейі бойынша	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Кадрларды даярлау бағыты лицензиясы қосымшасының нөмірі	KZ89LAA00031870 05 тамыз 2021 жыл
ББ Аккредиттеу Аккредиттеу органының атауы Аккредитацияның қолданылу мерзімі	Сертификат №№ АВ3126 АРТА 24.12.2020 -23.12.2025 г.
Берілетін дәрежесі	«6B08102 - Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры
Оқыту нәтижелері	Кесте 2
Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	Топырақтанушы-агрохимик агрохимик агроном-топырақтанушы
Кәсіби қызметінің аймағы	Ұйымдастырушылық-технологиялық: - Агрохимиялық зертхана қызметкерлерінің физикалық-химиялық зерттеулер мен экспресс-талдауларды ұйымдастыру және жүргізуі. - Химиялық талдаудың жаңа әдістерін зерттеу, бұршақ және майлы дақылдарды өсіру процесінде топырақ өзгерістерін анықтау жұмыстарына зертханалық құралдарды, аспаптар мен жабдықтарды дайындау. - Топырақ талдау мәліметтерін есептеу және математикалық-статистикалық өңдеу және өсірілген бұршақ және майлы дақылдарға әсер ету дәрежесін бақылау. - Тыңайтқыштарды енгізу процесін механикаландыруды және осы жұмыстарды ұйымдастырудың озық тәжірибесін енгізуге қатысу. Эксперименттік - зерттеу: - Мелиоративтік жұмыстарды жүргізу кезіндегі өндірістік-шаруашылық қызметке техникалық-экономикалық талдау жүргізу әдістері. - Мелиоративтік жұмыстардың тиімділігін арттырудың негізгі факторлары. - Мелиоративтік жұмыстарды ұйымдастыру-технологиялық оңтайландырудың әдістері мен құралдары.

	<ul style="list-style-type: none"> - Топырақ құнарлығын арттыруға және бұршақ және майлы дақылдардың өнімділігін арттыруға бағытталған агрохимиялық шараларды әзірлеу және жүзеге асыру. - Бұршақ және майлы дақылдардың өсу процесінің өзгеруін және топырақ жағдайын агрохимия саласында зерттеуге қатысу және жүргізу. - Мәдени дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін, шаруашылықтың топырақ-климаттық жағдайын, органикалық және минералды тыңайтқыштарды, химиялық сақтау құралдарын қолданудың тиімділігін, оларды қолдану әдістерін және қай аумақта, қай уақытта қолданылатындығын жүйелі түрде зерттеу. және тыңайтқыштарды және басқаларды химиялық заттарды қаншалықты пайдалану керек. - Ауыспалы егістерді дайындауға қатысу, тыңайтқыштар мен химикаттардың қажеттілігі мен пайдалану жоспарлары. - Бұршақ және майлы дақылдарды өндіруге арналған жерлерді агрохимиялық және экологиялық-токсикологиялық сараптау жұмыстарына қатысу. - Агрохимиялық картограммаларды жыл сайын жұмыс кезендері бойынша ұйымдастыру және құрастыру, өсірілетін бұршақ немесе майлы дақылдардың түріне байланысты жердің жеке түрлері бойынша топырақ үлгілерін талдау негізінде оларды түзету. - Құрылымдық талдау үшін топырақ және өсімдік үлгілерін іріктеуге және бұршақ және майлы дақылдарды егу үшін топырақ өңдеуге қатысу. - Бұршақ және майлы дақылдарды, минералды, органикалық тыңайтқыштарды және басқа материалдарды өндірудің барлық кезеңінде топырақ үлгілерін дайындау.
Кәсіби қызметтерінің саласы мен нысандары	<p>ҚР АШМ ғылыми-өндірістік орталықтары, МемҒӨОжер, территориялық және жер комитеттері; қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар комитеттері, «Агрохимиялық қызмет» республикалық, облыстық және аудандық орталықтары; фермерлік шаруашылықтар және шаруа қожалықтары, жекеменшік өндірістік кооперативтер, акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, агроөндірістік кешендер, білім беру ұйымдары, кәсіптік ғылыми-зерттеу институттары, орталықтар және т.б.;</p>
Кәсіби қызметтің функциялары	<ul style="list-style-type: none"> - отандық және шетелдік агралық ғылым жетістіктерінің арнайы әдебиеттері мен ғылыми-техникалық ақпараттарын зерттеу; - мамандық бағыты бойынша ғылыми-техникалық ақпараттарды жинау, өңдеу, талдау және жүйелеу жұмыстарын жүргізу; - шаруашылық субъектілерінің топырақтарына агрохимиялық мониторинг және топырақ, өсімдік және тыңайтқыштарға химиялық талдаулар жүргізу; - топырақ карталары мен агрохимиялық картограммаларды құрастыру;

	<p>-ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлерді бағалау және агроөндірістік топтастыру;</p> <p>-топырақ құнарлылығын сақтау және жоғарылату бойынша шараларды жасау;</p> <p>-әртүрлі меншік нысанындарындағы шаруашылықтарға тыңайтқыш қолдану жүйесі мен жоспарын құрастыру;</p> <p>-әртүрлі шаруашылық субъектілеріне қолданылған тыңайтқыштар мен мелиоранттардың тиімділігін экологиялық және экономикалық жағынан бағалау;</p> <p>- зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуге және қатысу;</p> <p>-ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізуге жәрдемдесу;</p> <p>-ғылыми зерттеулер орындау үшін серіктестер, жұмыс берушілерді тарту.</p>
Кәсіби қызмет түрлері	<p>1. Бағалаушылық: Экологиялық таза өсімдік өнімдерін алу мақсатында ауылшаруашылық дақылдарының қоректенуінің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету, топырақ ресурстарын тиімді пайдалану бағытында топырақ, агрохимиялық зерттеулер жасау.</p> <p>2. Құрылымдық:</p> <ul style="list-style-type: none"> - агроландшафттар мен агроэкожүйелер; - топырақтар олардың қызмет ету үрдістері мен режимдері; - ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлер және ауылшаруашылық дақылдары; - тыңайтқыштар және химиялық мелиоранттар, топырақты қорғау құралдары және технологиялары; - өсімдік өнімдерін өндіру және топырақ құнарлылығын ұдайы жоғарылату технологиялары; <p>3. Ақпараттық-технологиялық: Өсімдік өнімдерін өндіру және топырақ құнарлылығын қолайландыру технологияларын жасау кезінде агроэкологиялық, геоақпараттық жүйелерді пайдалану.</p> <ul style="list-style-type: none"> - топырақ ресурстарын пайдаланудың қолайлы тәсілдерін, химияландыру мен механикаландырудың құралдарының жоғары экономикалық және экологиялық технологияларының негіздеу; - топырақтану мен агрохимияның заманауи мәселелерін, топырақ құнарлылығын жоғарылату технологияларын, экологиялық қауіпсіз өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру аясында ғылыми-технологиялық саясатты білу.
Дағдысы болу	Қазақстан Республикасының топырақ-климат аймақтарының ерекшеліктеріне сәйкес топырақ және өсімдік диагностикасы, жер кадастры, топырақ бонитировкасы, тыңайтқыштарды қолданудың тиімді технологиялары мәселелеріне құзыретті болу.

2. Пәндер бойынша оқу нәтижелері

Кодтар	Оқыту нәтижелері
ОН 1	Әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, моральдық-этикалық аспектілерді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қасиеттерді сипаттау, академиялық адалдық қағидалық маңызын түсіну.
ОН 2	Математика, экономика және биофизика заңдары, қоршаған ортаға экологиялық қатынастарды қамтамасыз ету, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласында нормалар мен стандарттарды сақтау теориялық ережелері негізінде ғылыми көрініс фактілерін түсіну және білім деңгейін қолдану.
ОН 3	Мәдени өсімдіктердің әртүрлі гибридтері, сорттары, формаларының ботаникалық ерекшеліктері, физиологиялық және шаруашылықтық белгілері, өсімдіктердің молекулалық және клеткалық биологиясы, сонымен қатар өсімдіктер селекциясы бойынша ақпараттар жинау және сараптамалар жүргізу, жоғары өнім мен сапаны қамтамасыз ететін дақылдарды өсірудің технологиялық тәсілдерін зерттеу.
ОН 4	Өнімділік пен өнім сапасын жақсартуға бағытталған өсімдікті кешенді қорғау, егістіктердің фитосанитарлық жағдайын қолайландыру мен бақылау әдістерін шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдану.
ОН 5	Климаттық, топырақ жағдайлары, тыңайтқыштар, топырақты өңдеу тәсілдері және ауылшаруашылық машиналары мен құралдарын, сонымен бірге экожүйелерді қорғау жағдайларын сақтау бойынша алған теориялық және практикалық білімдерін қолдану.
ОН 6	Топырақтардың генезисі, құрамы, құрылымы, әлемде таралуы, табиғи және ауылшаруашылығында пайдаланатын топырақтарда және өсімдіктерде жүретін химиялық және биохимиялық үрдістердің динамикасы мәселелерін түсіну және білімді іс жүзінде қолдану.
ОН 7	Далалық топырақ-мелиоративтік жұмыстарды, топырақ құнарлылығы мен дақылдардың өнімділігін жоғарылату үшін тыңайтқыш-топырақ-өсімдік өзара байланысын, топырақ құнарлылығын сақтау мен жоғарылату бойынша іс-шаралар, жер қорының жағдайын дұрыс бағалау мәселелерін кәсіптік деңгейде түсіну мен шешу және білімін қолдану.
ОН 8	Ғылыми зерттеулер әдістерін білу және оларды топырақ карталарын, агрохимиялық картограммаларда және қарқынды егіншілік, топырақтану мен агрохимиялық қызметте ГАЖ технологияларын пайдалану үшін қолдану.
ОН 9	Картограмма, тыңайтқыш қолдану жоспарын, тыңайтқыштарды қолданудың инновациялық технологияларын сынау мен енгізу, статистикалық талдау мен зерттеулердің әртүрлі нәтижелерінің тиімділіктерін бағалау дағдыларын меңгеру.
ОН 10	Тыңайтқыштардың өсімдік пен топыраққа әсері туралы ақпаратты түсіну, топырақ құнарлылығы мен ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру, талдау әдістерін анықтау, топырақ картасы мен агрохимиялық картограммаларды құрастыру, өз бетінше топырақ-агрохимиялық зерттеулердің дамуын көрсету және тұжырымдау.

3. Білім беру бағдарламасының мазмұны

№ п п	МК/ЖК/ТК	Пән коды	Пәннің аталуы, құзыретті қалыптастыру	Академиялық кредиттер	Сағат саны						Курс және семестр бойынша кредиттерді бөлу								Кафедра ¹	Бақылау түрі	
					Академиялық сағат саны	Аудиториялық				Аудиториядан тыс		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс			
						Дәріс	Практикалық сабақ	Зертханалық сабақ	Басқа түрі (практика)	СӨЖ	СӨЖ	1	2	3	4	5	6	7			8
	ЖБП	Жалпы білім беретін пәндер циклі/ Цикл общеобразовательные дисциплины/ General education subjects cycle		56	1680	90	465			300	825										
		Модуль 1. Гуманитарлық және тілдік / Гуманитарный и языковой/ Humanities and language		30	900	30	240			180	450										
1	МК	КТ/ІК/НК 1105	Қазақстан тарихы (МЕ) / История Казахстана (ГЭ)/ History of Kazakhstan	5	150	15	30			30	75		5						22	Мем. емтихан	
2	МК	Fil/Phil 2112	Философия/ Philosophy	5	150	15	30			30	75			5					22	емтихан	
3	МК	SHT /ІҮа/ FL 1101(1102)	Шетел тілі/ Иностранний язык/ Foreign Language	10	300		90			60	150	5	5						22	емтихан	
4	МК	KOT/ KRYa/ KRL/ 1103(1104)	Қазақ (Орыс) тілі/ Казахский (Русский) язык/ Kazakh (Russian) Language	10	300		90			60	150	5	5						22	емтихан	
		Модуль 2. Кәсіби және коммуникативті / Профессионально-коммуникативный/ Professional and communicative		10	300	30	60			60	150										
5	МК	АКТ/ ІКТ/ ICT 2111	Ақпараттық- коммуникациялық	5	150	15	30			30	75				5				21	емтихан	

7	МК	ASBM ASMP/ MSPZ SPKP/ SPKM SPCP 1110	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)/ Модуль социально-политических знаний (социология, политология, культурология, психология)/ Social and political knowledge module (sociology, political science, cultural studies, psychology)	8	240	30	45			60	105	8						22	емтихан
8	МК	DSH/ FK/ PhT (1106) 1107 (2108) 2109	Дене шынықтыру/Физическая культура/ Physical Training	8	240		120				120	2	2	2	2			23	емтихан
	БП КП	Базалық және кәсіптендіру пәндер циклі/ Цикл базовых и профилирующих дисциплин / Core and major subjects cycle		178	5340	465	690	330	170	930	2755								
		Модуль 4. Өсімдік шаруашылығындағы биология және химия / Биология и химия в растениеводстве/ Biology and Chemistry in Crop Production		10	300	30	30	30		60	150								
9	ЖК	ОВФ/BFR /PBPh 1234	Өсімдіктер биологиясы / Биология растений/ Plant Biology	5	150	15	15	15		30	75	5						3	емтихан
10	ЖК	ВОН/ НОН/ IOCh 1233	Бейорганикалық және органикалық химия/ Неорганическая и органическая химия/ Inorganic and organic Chemistry	5	150	15	15	15		30	75	5						2	емтихан
		Модуль 5. Ауылшаруашылық дақылдарын өсіруде топырақ -		23	690	60	60	75	20	120	355								

		климаттық факторлар/ Почвенно-климатические факторы для возделывания сельскохозяйственных культур/ Soil and Climatic Factors for the Cultivation of Crops																			
11	ЖК	Top/Poch/SS 2239	Топырақтану / Почвоведение/ Soil Science	5	150	15	15	15		30	75			5					3	емтихан	
12	ЖК	FBN/FOB/PhFB 2236	Физика биофизика негіздерімен/ Физика с основами биофизики/ Physics with the basics of biophysics	5	150	15	15	15		30	75			5					21	емтихан	
13	ЖК	Agr 1235	Агrometeorология/ Agrometeorology	6	180	15	15	30		30	90			6					1	емтихан	
		AM/SM/AM 2255	Ауылшаруашылық микробиологиясы/Сельскохозяйственная микробиология/ Agricultural Microbiology	5	150	15	15	15		30	75				5						
		OP/UP/EP 1201	Оқу практикасы/ Учебная практика/ Educational practice	2	60				20		40				2					3	диф. сынақ
Модуль 6. Агробизнес негіздері және кәсіпкерлік/ Основы агробизнеса и предпринимательства/ Foundations of Agribusiness and Entrepreneurship				15	450	45	90			90	225										
14	ЖК	ZhM/VM/ HM 1207	Жоғары математика/ Высшая математика/ Higher mathematics	5	150	15	30			30	75	5							21	емтихан	
15	ЖК	AE 3240	Аграрлық экономика/ Аграрная экономика/ Agricultural economics	5	150	15	30			30	75					5			14	емтихан	
16	ЖК	TAMS/MSPA/MSSSA 4332	Топырақтану және агрохимиядағы математикалық статистика/ Математическая статистика в почвоведении и агрохимии/ Mathematical statistics in soil science and agrochemistry	5	150	15	30			30	75						5		3	емтихан	

22	ТК	ST/ SS/ BSP 3250	Селекция және тұқымтану /Селекция и семеноводства/ Breeding and seed production	5	150	15	15	15	30	75									1	емтихан	
		OB/ BR/ PB 3250	Өсімдіктер биотехнологиясы /Биотехнология растений/ Plant Biotechnology																		
Модуль 9. Ауыл шаруашылығындағы органикалық технологиялар/ Органические технологии в сельском хозяйстве/ Organic Technologies in Agriculture				10	300	30	30	30	60	150											
23	ЖК	MShN/ OZh/ FAH 3248	Мал шаруашылығы негіздері /Основы животноводства/ Fundamentals of animal husbandry	5	150	15	15	15	30	75									5	16	емтихан
24	ТК	ОНКМК/ HSRMP/ CCPMN 3249	Өсімдіктердің химиялық құрамы және минералдық қоректенуі/ Химический состав и минеральное питание растений / Chemical composition and mineral nutrition of plants	5	150	15	15	15	30	75									5	3	емтихан
		TAZN/ OPAI/ FSAR 3249	Топырақ-агрохимиялық зерттеу негіздері/ Основы почвенно-агрохимических исследований/ Fundamentals of soil and agrochemical research																		
Модуль 10. Қазақстан топырақтарының географиясы мен картографиясы/ География и картография почв Казахстана/ Geography and Soil Mapping of Kazakhstan				16	480	45	105		90	240											
25	ТК	TG/ GP/ SG 3252	Топырақтар географиясы/ География почв/Soil Geography	5	150	15	30		30	75									5	3	емтихан

		Модуль 7. Егіншілік жүйелері және техникамен қамтамасыздандыру/ Системы земледелия и техническое обеспечение/ Farming Systems and Technical Support		15	450	30	30	30	50	60	250									
17	ЖК	OShMZh P/ EMOR/ EMECP 2238	Өсімдік шаруашылығында машиналар мен жабдықтарды пайдалану/ Эксплуатация машин и оборудования в растениеводстве/ Exploitation of Machinery and Equipment in Crop Production	5	150	15	15	15		30	75			5					19	емтихан
18	ЖК	Egi/ Zem/ Far 2241	Егіншілік/ Земледелие / Farming	5	150	15	15	15		30	75			5					1	емтихан
		OP/PP 2205	Өндірістік практика /Производственная практика/ Production Practice	5	150				50		100			5					3	диф. сынақ
		Модуль 8. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру технологиялары/ Технология производства сельскохозяйственных культур и их защита / Technology of production of agricultural crops and their protection		20	600	60	60	60		120	300									
19	ЖК	ZhE/ OE/ GE 2237	Жалпы энтомология/ Общая энтомология / General entomology	5	150	15	15	15		30	75			5					2	емтихан
20	ЖК	AShDZAK / ZSKVB/ PCPD 3247	Ауылшаруашылық дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау/ Защита сельскохозяйственных культур от вредителей и болезней/ Protection of crops from pests and diseases	5	150	15	15	15		30	75				5				2	емтихан
21	ЖК	OSh/ Ras/ CP 3243	Өсімдік шаруашылығы /Растениеводство/ Crop Production	5	150	15	15	15		30	75				5				1	емтихан

30	ЖК	TGMZh/ GMKP/ GMCS 4331	Топырақтар генезисі, морфологиясы және жіктелуі/Генезис, морфология и классификация почв/ Genesis, morphology and classification of soils	6	180	15	45			30	90						6	3	емтихан
31	ЖК	ТВ/ BP/ SB 4301	Топырақ бонитировкасы/ Бонитировка почв/ Soil Bonitation	5	150	15	30			30	75						5	3	емтихан
32	ТК	АТ/АР/АС 4334	Агротопырақтану/Агропочво ведение/ Agrosoilscience	5	150	15	30			30	75						5	3	емтихан
		МТ/ МР/ MS 4334	Мелиоративтік топырақтану/ Мелиоративное почвоведение/ Meliorative Soilscience																
33	ТК	ТК/ ОР/ СП 4338	Топырақ қорғау/ Охрана почв/ Soil protection	6	180	15	45			30	90						6	3	емтихан
		ТКВ/ ООЗ/ LPA 4338	Топырақ қорғау және бағалау / Охрана и оценка земель/ Land Protection and Assessment																
34	ТК	ТТМ/МЗР/ RSS 4336	Тұзданған топырақтарды мелиорациялау/Мелиорация засоленных почв/Reclamation of saline soils	5	150	15	30			30	75						5		
		TSZA/MSI P/SSSM 4336	Топырақты стационарлық зерттеу әдістері/Методы стационарного изучения почв/Stationary soil study methods																
Модуль 13. Ауылшаруашылық дақылдарының минералдық қоректендіруін қолайландыру және заманауи егіншілік жүйесіндегі				31	930	60	75	60	100	120	515								

		топырақ құнарлылығы/ Оптимизация минерального питания сельскохозяйственных культур и плодородие почв в современных системах земледелия/ Optimization of Mineral Nutrition of Crops and Soil Fertility in Modern Farming Systems																		
35	ЖК	Agr 3244	Агрохимия/Agrochemistry	6	180	15	15	30		30	90					6			3	емтихан
36	ЖК	TKZh/ SPU/ FAS 4327	Тыңайтқыштар қолдану жүйесі/ Система применения удобрений/ Fertilizer application system	5	150	15	15	15		30	75						5		3	емтихан
37	ТК	АМКК/ АМСК/ АММ 3251	Агрохимиялық мониторинг және картограмма құрастыру/Агрохимический мониторинг и составление картограмм/ Agrochemical monitoring and mapping	5	150	15	15	15		30	75					5			3	емтихан
		АІТТ /ІТТА 3251	Агрохимиядағы ІТ-технологиялар/ ІТ-технологии в агрохимии /IT-technologies in agrochemistry																	
38	ТК	АІТ/ ІТА 4335	Агрохимиядағы инновациялық технологиялар/ Инновационные технологии в агрохимии/ Innovative technologies in agrochemistry	5	150	15	30			30	75							5	3	емтихан
		КЕТК/ PUIZ/ FAIA 4335	Қарқынды егіншілікте тыңайтқыштарды қолдану / Применений удобрений в интенсивном земледелии/ Fertilizer applications in intensive agriculture																	
	ЖК	ОР/ РР	Өндірістік практика/	5	150					50		100					5		3	диф.

	3329	Производственная практика/Production practice																		сынақ
	КР/ РР 4330	Кәсіптік практика/ Профессиональная практика/Professional practice	5	150			50		100								5	3		диф. сынақ
	Қорытынды аттестаттау/ Итоговая аттестация/ Final assessment:		8	240			80		160											
	Қорытынды аттестаттау/ Итоговая аттестация/ Final assessment:		8	240			80		160								8			
	БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL		242	7260	555	1155	330	250	1230	3740	27	33	27	33	31	30	31	30		

Экспертное заключение образовательной программы «6В08102 – Почвоведение и агрохимия»

Целью образовательной программы является формирование у выпускников компетенций для реализации комплексной деятельности по созданию наилучших условий питания сельскохозяйственных культур, повышению их урожайности и качества, воспроизводство плодородия почв и проведения агрохимического мониторинга земель сельскохозяйственного назначения.

Образовательная программа предусматривает широкую базовую профессиональную подготовку, направленную на достижение фундаментальности предметных знаний будущих специалистов. Она обеспечивает специалиста интегральной методологией профессиональной деятельности, развивает навыки профессионального творчества, формирует потребность постоянного повышения образовательного уровня.

Подготовка специалистов с четкой ориентацией на перспективу, которая проявляется в возможности построения своей профессиональной карьеры и образования с учетом успешности в личностной и профессиональной деятельности, удовлетворяющей требованиям работодателей.

Подбор дисциплин образовательной программы предусматривает формирование навыков будущего специалиста призванного решать следующие задачи:

- проведение современного агрохимического мониторинга почв и составление картограмм;
- обучение методам оценки состояния экологической обстановки в аграрном секторе, вызываемые техногенным и сельскохозяйственным загрязнением;
- повышение плодородия почв, продуктивности сельскохозяйственных культур на основе рационального, научно-обоснованного применения удобрений и местных ресурсов;
- охрана окружающей среды и обеспечение получения экологической чистой продукции;
- оказание консалтинговых услуг по вопросам применения удобрений и средств химизации;
- уметь работать с научно-технической информацией, использовать отечественный и зарубежный опыт в профессиональной деятельности, систематизировать и обобщать полученную информацию.

Образовательная программа «6В08102- Почвоведение и агрохимия», реализуемая в Некоммерческом акционерном обществе «Казахский национальный аграрный исследовательский университет», соответствует требованиям профессиональных стандартов в сфере и в частности специальности почвоведения и агрохимии, требованиям рынка труда к кадрам данного профиля.

Председатель Правления
Казахского НИИ почвоведения
и агрохимии имени У.Успанова



Р.Рамазанова

«6B08102 – Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасына

ЭКСПЕРТТІК САРАПТАМА

Білім беру бағдарламасының мақсаты топырақтану және агрохимия саласы бойынша қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын жоғары білікті кадрларды даярлауда-толық, сапалы базалық жоғарғы білімді, бәсекеге қабілетті мамандармен қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламасы болашақ мамандары үшін іргелі базалық кәсіби дайындыққа бағытталған даярлауды жүзеге асырады. Ол, кәсіби дағдыларын ауылшаруашылық дақылдарының коректендіруін қолайландыру, өнімділігін арттыру мен сапасын жақсарту, топырақ құнарлылығын жоғарылату және ауылшаруашылығында пайдаланылатын жерлерге агрохимиялық мониторинг жүргізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен орындау, маркетинг, жеке тұлғамен қарым-қатынас орната білу қажеттігін қарастырады.

Білім беру бағдарламасы алға қойған мақсатқа жету үшін жалпы білім беру, базалық және кәсіптік пәндерінің оқу практикасы, өндірістік практикасы және дипломдық жұмыстың орындалуымен бірлесіп құрастырылған.

«6B08102–Топырақтану және агрохимия білім беру бағдарламасы келесі типтік міндеттерді шеше алады:

– тыңайтқыштар мен жергілікті ресурстарды ғылыми-негізделген, тиімді қолдану негізінде ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі мен топырақ құнарлылығын жоғарылату;

– топырақтарға заманауи агрохимиялық мониторинг жүргізу және картограммалар жасау;

– экологиялық таза өнім алуды қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау;

– тыңайтқыштар мен химияландыру құралдарын қолдану мәселелері бойынша консалтингтік қызмет көрсету.

Білім беру бағдарламасы: Білім және Ғылыми инновациялық технологиялар негізінде білім беру ортасын жетілдіру және құру; Республикада жоғарғы жеке тұлғалық және ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етеді.

«6B08102-Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасын игерген бітіруші түлектер:

компьютерлік технология саласында:

– ақпарат өңдеу, сақтау, алу жолдары мен құралдарын негізгі әдістерін меңгерген, ақпарат басқару құралы ретінде компьютерлік дағдылары бар, жаһандық компьютерлік желідегі ақпаратпен жұмыс істеуге қабілеті;

– іздеу, талдау және кәсіби мәселелерді, кәсіби және жеке тұлғалық дамуын қалыптастыру және шешу үшін қажетті ақпаратты бағалау;

– аналитикалық және зерттеу міндеттерін заманауи технологиялар мен ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндігі;

– заманауи ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай болу үшін заманауи ақпараттық қоғам дамуындағы ақпарат сипаты және маңыздылығынан түсінігі болуы керек.

әлеуметтік-мәдени іс-шаралар саласында:

– жеке және команда мүшесі ретінде, тиімді жұмыс істеуге қабілетті; - философиялық, әлеуметтік және дербес проблемалардың маңыздылығын түсіну және талдауға қабілетті;

– болашақтың дамуын болжауға және қоғамда болып жатқан әлеуметтік маңызды проблемалар мен процестерді талдауға қабілетті;

– болашақ мамандықтың әлеуметтік маңызын сезіне отырып, кәсіби қызметті жүзеге асыруда жоғары кәсіби мотивацияға ие болуы.

отандық және шет тілдерін игеруде:

– ауызша және кәсіби-бағытталған деңгейде бір шет тілін меңгерген;

– кәсіби бағдарланған шет тілін меңгерген;

– ауызша және жазбаша сөздерді қисынды әрі шынайы құра алатын;

іргелі ғылым-жаратылыстану және техникалық дайындық саласында:

– мақсаттарды қою және оған қол жеткізу жолдарын таңдау, ойлау мәдениетін игеру, синтездеу, талдау, ақпараттарды қабылдау;

– тарихи процестің, адамзат тарихындағы және әлемнің бүгінгі таңдағы елдің орны мен рөлін, қозғаушы күштері және заңдар түсінуге қабілетті;

– өз мамандығына әлеуметтік маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну және оған тұрақты қызығушылық таныту.

кәсіби білім қызметі саласында:

- мамандықтың теориялық және қолданбалы сұрақтарын жақсы меңгеру үшін қажетті ғылыми-жаратылыстану пәндерінің (биология, генетика, өсімдіктердің физиологиясы, химия, өсімдіктердің биохимиясы) негізін білу;

- өсімдік шаруашылығы, егіншілік, маңызды агрономиялық пәндердің және ауыл шаруашылық өндірісінің негізін білу;

- ауылшаруашылық дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғаудың негізгі тәсілдері мен әдістерін, тыңайтқыштармен егістік тәжірибелер жүргізу және ауыл шаруашылығында пайдаланатын жерлерге агрохимиялық мониторинг жүргізуді білу;

- өсімдіктердің қоректенуін басқару мен реттеу әдістерін, әртүрлі ауыспалы егістіктердегі ауылшаруашылық дақылдарының тыңайту жүйелерін білу;

- ауыл шаруашылық дақылдарының өсіру технологияларын білу;

- өсімдіктер мен топырақтың өзара әсерлерінің мәселелерін шеше білу;

- ауылшаруашылық дақылдарының жоспарланған өнімділіктерін алу мәселелеріне қабілетті болу;

- алынған өнімнің сапасын анықтай білу;


- ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділіктерін жинағаннан кейінгі өңдеуін ұйымдастыра білу.

Түйін:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының бакалавриат деңгейіне арналған «6В08102-Топырақтану және агрохимия» біоім беру бағдарламасынан тұратын аграрлық сектор саласында, оның ішінде «Топырақтану және агрохимия» саласының жоғары квалификациялық мамандарын дайындау үшін кәсіптік стандарттардың қойылатын талаптарына, нарықтық еңбектің талаптарына сай келеді.

«KazPromLider» ЖШС-нің директоры

Терликбаев Е.Ж.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
АГРОБИОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТОПЫРАҚТАНУ, АГРОХИМИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

№ 6 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Алматы қаласы

16 қаңтар 2024 жыл

Топырақтану, агрохимия және экология кафедрa мәжілісінің отырысы

Төрайымы - Ж.Бакенова

Хатшы - Э. Куандыкова

Қатысқандар: 18 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

2. 2024-2028 оқу жылына арналған 6B08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2026 оқу жылы 7M08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламаларын талқылау, бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Кафедраның меңгерушісі Бакенова Ж.Б. 2024-2028 оқу жылына арналған 6B08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2026 оқу жылы 7M08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламаларын жаңа талаптарға сай етіп жасалған және білім беру бағдарламасын талқылауды ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Оқу-әдістемелік жұмыстарға жауапты кафедра меңгерушісінің орынбасары аға оқытушы А.Жамангараева 2024-2028 оқу жылына білім беру бағдарламасы жұмыс беруші мекемелерімен бірігіп, қаралып келісілгенін мәлімдеді. «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасы барлық деңгейіндегі білім алушылардың қазіргі заман талабына сай академиялық дәрежесінде білім беруге бағытталған пәндер енгізілген. Барлық деңгей бойынша оқу нәтижелері дискрипторларды қолдана отырып өзгертілді және жаңа оқу бағдарламасына сай кейбір пәндер өзгертілді.

6B08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасы

7M08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасы

8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламасы

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кафедраның меңгерушісі Бакенова Ж.Б. 2024-2028 оқу жылына арналған 6B08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2026 оқу жылы 7M08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламаларын барлық деңгейіндегі білім алушыларды сапалы дайындауға бағытталғаны туралы атап өтті.

Білім беру бағдарламасын талқылау барысында кафедраның профессор-оқытушы құрамының және жұмыс берушілердің ұсыныстары ескерілді, барлық ұсыныстар ескеріле отырып қорытынды жасалынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2024-2028 оқу жылына арналған 6B08102 – «Топырақтану және агрохимия»,
2024-2026 оқу жылы 7M08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2027 оқу
жылына арналған 8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру
бағдарламалары «Агробиология» факультетінің Академиялық комитетіне
жіберілсін.

Төрайымы:



Ж. Бакенова

Хатшы:



Э. Куандыкова

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТИ
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
«Агробиология» факультетінің
Академиялық комитеті мәжілісінің

№ 6 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Алматы қаласы

30 қаңтар 2024 жыл

ҚАТЫСҚАНДАР:

Төрайымы - Г. Баядилова
Хатшы - А. Ешенгалиева
Қатысқандар: 9 адам
Е. Жанбырбаев
М. Есеналиева
Ж. Бакенова
К. Караева
Ж. Сагидолдина
Э. Куандыкова
Г. Байсеитова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Агробиология» факультетінің 2024-2028 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын талқылау, бекіту

ТЫҢДАЛДЫ:

Факультеттің Академиялық комитетінің төрайымы Г. Баядилова және Академиялық комитеттің мүшелері, 2024-2028 оқу жылына арналған 6B08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2026 оқу жылы 7M08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламаларын талқылау.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Факультеттің Академиялық комитетінің төрайымы Г. Баядилова, сөз кезегін Академиялық комитеті отырысының мүшесі К. Караеваға берді.

Академиялық комитет мүшесі К. Караева өз сөзінде 2024-2028 оқу жылына арналған 6B08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2026 оқу жылы 7M08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламалары кафедра қаралып, жұмыс берушілермен бірігіп дайындалғаны туралы атап өтті. Білім беру бағдарламалары қазіргі заман талабына сай академиялық дәрежесінде білім беруге бағытталған пәндермен толықтырылған.

Білім беру бағдарламасына МЖМББС сай ЖБП міндетті пәндер компоненттеріне өзгерістер жасалынып, БП, КП циклінің таңдау пәндеріне заман талабына байланысты толықтырулар жасалынды. Жаңа оқу бағдарламасына сай

кейбір пәндер жаңартылды. Аталған оқу бағдарламалары жұмыс берушілермен келісілген.

Қорыта келгенде 6B08102 – «Топырақтану және агрохимия», жылы 7M08102 – «Топырақтану және агрохимия», 8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламалары білім алушыларды сапалы дайындауға бағытталған. Білім беру бағдарламаларын жан-жақты қаралып енгізілген және кафедра отырысында қорытындыланған.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2024-2028 оқу жылына арналған 6B08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2026 оқу жылы жылы 7M08102 – «Топырақтану және агрохимия», 2024-2027 оқу жылына арналған 8D08102 – «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламалары факультеттің Академиялық комитеті комиссиясының ұйғарымымен бір ауыздан бекітілсін.

Дайындалған білім беру бағдарламасы Университеттің оқу-әдістемелік Кеңесінде қарастыру үшін «Агробиология» факультетінің Кеңесіне жіберілсін.

Төрайымы:



Г. Баядилова

Хатшы:



А. Ешенгалиева